

• БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМА

• КӨКТЕМ ШУАФ

МЕНІҢ УНИВЕРСИТЕТІМ – МАҚТАНЫШЫМ!



Қазақстан бүгінгі таңда сапалы білімімен көзге түскен елдердің бірі болып табылады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев білімге көп көңіл бөлуде. Елімізде әлемдік стандартқа сай көптеген жоғарғы оқу орындары бар. Соның бірегейі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Университет құрамында ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары, нағыз мамандарды дайындайтын факультеттер бар, онда білікті профессорлар, ғылым докторлары, кандидаттары және философия докторлары университетте қызмет атқарады.

Қала ішіндегі студенттер арасындағы «Қазғурад» қалашығы деп аталып кеткен құтты мекенде студенттердің білім алуына барлық жағдай мүмкіндік бар. Студенттер сарайында өнерлі студенттерге арналған студенттер клубы жұмыс атқарады. Студенттер клубының дарынды мүшелері талай байқаулардың жеңімпаздары атанып, әлемдік деңгейдегі байқаулардың жүлделері атануда. Университетімізде дәстүрлі түрде «Жалын» бірінші курс таланттары анықтау, «Студенттік көктем», КВН, «Ана тілі аруы-Жігіт сұлтаны» сияқты байқаулар жоғары деңгейде өткізіліп, жас таланттардың шыңдалуына барлық жағдай жасалған. Сондай-ақ, студенттердің көшбасшылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Сұңқар» студенттер көсіподағы, студенттер Сенаты, «Көмек» өріктілер құзғалысы, студенттер кеңесі, студенттердің ғылыми қоғамы сияқты түрлі ұйымдар бар. Қазіргі уақытта университеттегі барлық мерекелік іс-шаралар тікелей аталған жастардың қатысуымен өтеді.

Сапалы білім болашақтың кепілі. Университетте студенттер барлық жағдай жасалған, жоғары сапалы білім беру қызметін және ғылыми-зерттеу үдерісін қамтамасыз қазіргі заманғы құрылғылар жабдықталған Биология және биотехнология фа-

культеті студенттерді әр түрлі ғылым саласы бойынша дайындайды, алыс және жақын шетелдік білім беру мекемелері – Гарвард, Техас, Вирджиния, АҚШ, Франция, Канада, Ұлыбритания, Германия, Ресей университеттерімен білім алмасады.

Биотехнология – болашақтың ғылымы. Қазақстанның даму Стратегиясының осы онжылдықтағы қарқынды дамитын алғашқы ғылымының бірі болып табылады. Биотехнология іргелі биологиялық білімдерді адамның практикалық қызметінде қолдануға және табиғи қорларымыздың жойылып кетпеуін сақтауға негізделген ғылым мен өндірістің жаңа саласы болып табылады. Қазіргі биотехнологияның мынадай негізгі бағыттары бар: микробиология, гендік инженерия, клеткалық инженерия, тағамдық биотехнология, экологиялық биотехнология. Биотехнологияның жетістіктерінің негізінде, қазіргі таңда түрлі дәрілік препараттар, витаминдер, гармондар, ферменттер, вакциналар алынады. Микроорганизм штамдарының көмегімен түрлі биологиялық заттар синтезделеді. Биотехнологтар ғылыми-зерттеу лабораторияларында, медициналық биологиялық, микробиологиялық және ауылшаруашылық өндірістерінде, фармацевтика салала-

рында және экологиялық тағам өндірісінде қызмет атқара алады. Бұл мамандық түрлі тірі ағзаларды өндірісте пайдалана отырып, олардан нәрлі заттарды алу үшін ген мен жасушаны биологиялық объекті ретінде қолданады. Мемлекетіміздің биотехнологияны дамытудың бірыңғай жүйелі тәсілі шамасында ғылыми, білім беру мекемелерінің, өндірістік кәсіпорындардың күштері біріктіріліп отыр.

Әрбір талапкер үшін дұрыс таңдалған мамандық – болашақтың жарқын кепілі. Мамандық таңдау адам баласының ең маңызды шешімдердің бірі. Сұранысқа ие маман иесі атану заман талабы. ҚазҰУ – талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен. Сыйластық пен шынайы достықтың мекені, ҚазҰУ – адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін мекен. Сол себепті де, мен өзімнің ҚазҰУ-да жүргендігімді өмірімдегі ең үлкен сәттілік деп санаймын.

АНАР ЕШМУХАНБЕТ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
биология және биотехнология факультетінің 4 курс, студенті
Гүлжамал АБДИЕВА,
Перизат **УАЛИЕВА,**
ғылыми жетекшілері

• БІЛІМ КӨКЖИЕГІ

ҚАЗҰУ – БІЛІМ АЛУҒА ЗОР МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ

1934 жылы еліміздің ең алдыңғы қатарлы университет қарашаңырағымыз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің іргетасы қаланды. Бүгінгі күні университетіміз 20 000-ға жуық студент білім алады. Он бес факультеттен тұраты университетте үш мыңға жуық профессор-оқытушылар құрам студенттерге білім беріп келеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті-Қазақстанның жетекші классикалық университеті мәртебесіне ие. Қазақстан білімі мен ғылымының ірі орталық жоғары кәсіби, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылымның инновациялық дамуының ұлттық көшбасшысы. 2011 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық QS рейтинглік агенттігінің зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша әлемдегі 800 үздік университет арасында 499-орынды иемденсе, 2013 жылғы сараптама нәтижесінде 299-орынды бағындырды, ал Қазақстанда №

Университет мемлекетіміздің жоғары оқу орындарының ішінде бірінші болып «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты атанды. Көпшілікке танымал әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қалашығы Алматы қаласының жоғарғы бөлігінде, таулы аймаққа жақын орналасқан Бір шеті – Ботаникалық бақ, екінші жағы Есентай өзенімен шектескен қалашықтың ауасы да саф алтындай. Жапты алғанда, қалашықта студенттердің өміріне қажет инфрақұрылымның барлығы да бар. Оқу корпусы, жатақханалар, спорт және тамақтану көшені, Қазақстандағы кітап қоры мен көлемі жағынан №2-ші болып келетін Әл-Фараби атындағы кітапхана мен еліміздегі сыйымдылығы жағынан екінші орын алатын Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы да қалашықтың ішінде. Ал елімізде әлі баламасы жоқ «Көремет» студенттерге қызмет ету орталығында білім алушыларға қажет төлқұжат столы, студенттің оқу үрдісін қадағалап отыратын тіркеу кеңсесі, студент бөлімі және басқа да орталықтар жұмыс істейді. Сондай-ақ Оңтүстік Кореяның Сеул университетімен бірлесіп жұмыс істейтін медициналық-диагностикалық орталық та осында орналасқан.

ҚазҰУ-дың басқа жоғары оқу орындарынан басты айырмашылығы – оның оқу жүйесі мен профессорлық-оқытушылар құрамында. Әлемнің озық оқу орындарының тәжірибесін қолданатын оқу орнында оқылатын дәрістердің басым бөлігі студенттің өзі таңдайтын пәндерден тұрады. Сондай-ақ жоғары оқу орнын бітірген жас мамандардың болашақ интеллигенция қатарын толықтыратыны ескеріле отырып, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер циклы да міндетті пәндер қатарында

оқытылады. Университет әлемнің 200 университетімен тығыз байланыста бола отырып, студенттердің өзара тәжірибелі алмасуын жүзеге асырып отырады. Университеттің әлемдегі жетекші университеттер қатарынан табылуына профессорлық-оқытушылар құрамынан тыс, осында оқитын студенттердің білім деңгейі де тығыз байланысты.

4 жыл бұрын осындай керемет мекеннің студенті атанып, есеп және аудит мамандығына оқуға түстім. Е мамандығымды дұрыс таңдадым деп есептеймін. Осы университетте оқып жүріп, көп құрбы-құрдас таптым.

Былғы мектеп бітіруші түлектері айтарым, қазіргі шақта өзің сүйетің өзің болашақта пайдасын көретің мамандықты таңдаумен қатар, сөбілімді беретін жоғары оқу орны дұрыс таңдағаның абзал. Мен оқып жүрген Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да сапалы білім алуға, жақсы мамандық иесі атануға барлық жағдай жасалған.

ҚазҰУ – адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін мекен. Сол себепті де, мен өзімнің ҚазҰУ-да жүргендігімді өмірімдегі ең үлкен сәттілік деп санаймын.

Альмира АРЫСТАМБЕЕВА
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Экономика және Бизнес Жоғары
Мектебі факультеті, Есеп және
аудит кафедрасының
аға оқытушысы

Ерсін ТОЛЕУГАЛИЕВ
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Экономика және Бизнес Жоғары
Мектебі факультеті, Есеп және
аудит кафедрасының 4-курс
студенті